



Қазақ ТІЛІ

Қысқартылған сөздер:

садақ, сауыт,
қызыл отау,
қызыл әскер,

Жаңа сөздер:

дәріс, діл,
зейнетақы, кеден,

5

Дауыссыз
дыбыстардың
түрлері.





✦ ✦ **Мақсаты:**

а) білімділік: Өткен сабақтармен байланыстыра отырып, сөз жасау, сөйлем құрай білуді меңгерту. Дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге қалыптастыру. Өз ойларын еркін айтуға баулу.

ә) тәрбиелік: Тілді қадірлеп, қастерлеуге, сөз мағынасын дұрыс түсініп, қолдана білуге тәрбиелеу. Жақсы қасиеттерге баулу.

б) дамытушылық: Жаңа білімді бере отырып, ой өрістерін кеңейту. Нақты тұжырымды сөйлей білуге қалыптастыру, шығармашылық қабілетке баулу.



Сабақтың түрі: “Шығармашыл шәкірттер” еліне саяхат сабақ

Сабақтың әдісі: сұрақ жауап, түсіндіру, семантикалық картамен жұмыс, адасқан әріпті табу, жаттығулармен жұмыс жасау

Сабақтың көрнекілігі: тірек сызба, үлестірме қағаздар, семантикалық карта

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі

а) оқушылармен сәлемдесіп, қажетті құрал жабдықтарын сөмкелерінен алғызамын.

Ал балалар, балалар


Бәрің бері қарандар.

Шын көңілмен назар сап

Оқысаңдар сабақты

Сендерден шығар даналар,-деп балаларға үлкен сенім артып, жауапкершілік жүктей отырып, саяхатқа шығамын.

1 «Зерделі» шәкірттердің ауылына келіп, үй тапсырмасын тексеремін.



"Сиқырлы таяқша" ойыны



1. Қазақ тілінде қанша дауысты дыбыс бар?
2. Дауысты дыбыстың түрлетін ата?
3. Дауыссыз дыбыс дегеніміз не?
4. "Зерделі" сөзіне дыбыстық талдау жаса.

5. Ашық, қысаң дауысты дыбыстар қалай жасалады?

II. Үй тапсырмасын бекітемін.

"Зерделі" топтың оқушыларын әр топқа топ жетекшісі етіп сайлаймын, топ жетекшілері өз топ мүшелеріне сұрақтарын қояды.

Жаңа сабақ.



Дауыссыз
дыбыстардың
түрлері

қатаң

и,ф,к,қ,т,с

ш,щ,х,ц, ч

ұяң

б,в,г,ғ,д,

ж,з,һ

үнді

р,л,и,

у,м,н,ң



Салдырдан жасалған дауыссыз дыбыстарды қатаң дауыссыздар дейміз.

Салдыр мен үннің қатысы арқылы жасалған, бірақ үннен салдыры басым дауыссыз дыбыстарды ұяң дауыссыздар дейміз.

Үн мен салдырдың қатысынан жасалып, бірақ салдардан үні басым болатын дауыссыз дыбыстарды үнді дауыссыз дейміз.

III. “Талаптылар” тобы. Жаттығулырмен жұмыс.



IV. "Зерделілер" тобы.

Семантикалық картамен жұмыс жасау.

	дауысты	жуан	жіңішке	ашық	қысаң	еріндік	езулік	қа таң	ұяң	үнді
Ш										
И										
П										
А										



Екі оқушы тақтаға шығып фонетикалық талдау жасайды(ұстаз,оқушы)



V. "Ойшылдар" тобы.

Адасқан әріпті орнына қойдырамын.

1. а, х, т, а, к, п, н, і, а.

2. ы, т, и, а, н, б, а, т.

3. р, ж, г, е, а, у, н, ы.

262-жасаттығу.





VI. Жаңа сабақты "Венн диаграммасы" арқылы қорытындылаймын.


Дауысты тілдің,
жақтың,ерін мен
езудің қатынасына
қарай

Ортақ қасиеті дыбыс
дыбыстау мүшелері
арқылы жасалады

Дауыссыз үн мен
салдырдың,айтылу
тәсіліне, жасалу
жолына қарай.

*VII. Оқушыларды бағалап,
үйге тапсырма беремін.
264-жаттығу.*





Назарларыңызға
рахмет

